



КӨПТІҢ КӨПЕНІ ЕДІ...

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЖАУАПСЫЗ БОРЫШКЕР –
ПРОКУРОР НАЗАРЫНДА

7-БЕТ | ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



ӘЖЕЛЕР ТОП ЖАРДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Жер – мәңгілік байлық, ол
алдындағы малыңнан, қойнындағы
ақшаңнан да қымбат.

Қошке КЕМЕҢГЕРҰЛЫ

№37
(4781)

Сейсенбі
1 сәуір
2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес және «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында еліміздің орта білім беру ұйымдарында педагог-кәсіптік бағдар беруші лауазымы ресми түрде бекітілді.

Бұл бастама оқушыларға мамандық таңдауда ерте бағыт-бағдар беруге, сондай-ақ оқушылар, ата-аналар, педагогтар, колледждер мен жұмыс берушілер арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға бағытталған.



Астаналық 7 жасар шахматшы Абдул-Мәлік Қайрат әлем чемпионатында 7 жасқа дейінгілер санатындағы мектеп оқушылары арасында жеңіске жетті. Бұл туралы Қазақстан шахмат федерациясының баспасөз қызметі хабарлады.

Сербияның Врнячка-Баня қаласында өткен турнирде Абдул-Мәлік өзінің жас санатында бұл атақты жеңіп алған Қазақстанның алғашқы шахматшысы болды. Оның басты қарсыласы үндістандық Ом Еш Готтумукалуды бесінші турда жеңуі шешуші рөл атқарды. Сегіз турдан кейін Абдул-Мәлік 8 ұпай жинап, чемпиондық атақты алдын ала иеленді. Жас чемпион биыл алғаш рет мектеп табалдырығын аттайды.



ӨНДІРІСТІ ӨРГЕ СҮЙРЕГЕН

Елордада 15 жылдан бері табысты жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорынның бірі – «Локомотив құрастыру зауыты». Бұл зауыт отандық нарықты локомотивтер және жылжымалы құрамдармен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, экспортқа өнім шығарып келеді. Жыл сайын үш түрлі үлгімен 120 тепловоз шығара алатын қуаты бар. Бір қуанарлығы, зауытқа қажетті шикізаттың 75 пайызы – отандық өнім.



600 ОРЫНДЫҚ МЕКТЕП

Астана қаласында №13 мектептің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл туралы Amanat партиясының Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек мәлім етті.

Мердігер мекеменің мәліметінше, бір ауысымда 600 оқушыға арналған білім ордасы жаңа оқу жылына дейін пайдалануға беріледі. Бұл – елордадағы оқушы орындары тапшылығын азайтуға бағытталған маңызды жобаның бірі. Білім беру саласындағы инфрақұрылымды дамыту Amanat партиясының басты басымдығының қатарында.



1600 ӨТІНІШ ТҮСТІ

Бас қалада «Таза Қазақстан» онлайн-платформасы арқылы қала тұрғындарының өтініштері белсенді түрде қабылданып жатыр.

Әкімдіктің ресми сайты хабарлағандай, әрбір қала тұрғыны «Таза Қазақстан» платформасында абаттандыру мәселесін қозғай алады. Жүйе жұмыс істей бастағалы бері 1600-ге жуық өтініш түсіп, оның 1362-сі орындалды. Қалғаны – өңделу сатысында. Өтініштер, негізінен, абаттандыру, жарық беру, жол жөндеу, көгалдандыру, рұқсат етілмеген күл-қоқыс үйінділерін жою туралы болып отыр. «Таза Қазақстан» порталының басты артықшылығы – әкімдік пен тұрғындар арасындағы жылдам және ашық байланыс.



ТАУ ШАҢҒЫСЫ КЛАСТЕРІМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан мен Өзбекстан президенттеріне Алматы тау шаңғысы кластерін дамыту жоспары баяндалды. Қала әкімі Ерболат Досаев Іле Алатауының асқаралы шыңдарын көрсетіп, Кіші Алматы шатқалындағы «Медеу» селден қорғау бөгетін салу тарихы жөнінде айтты. Сонымен қатар президенттерге шетелдік және жергілікті альпинистер мен туристер арасында танымал бағыттар таныстырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев қала әкімінің еліміздегі ең ірі «Шымбұлақ» тау шаңғысы курорты жөніндегі есебін тыңдады. Қазіргі кезде мұнда 5 аспалы жол жұмыс істеп тұр. Ал шаңғы тебуге арналған трассаның жалпы ұзындығы 25 шақырымды құрайды. Былтыр Шымбұлаққа 1,4 миллион адам келген.

Мемлекет басшылары Алматының туристік әлеуетіне жоғары баға берді. Олардың пікірінше, әсем табиғат асықда орналасқан және дамыған инфрақұрылымы, сапалы жолы бар тау шаңғысы курорты – Орталық Азиядағы қысқы және жазғы демалысқа лайық ең тартымды орындардың бірі. Президенттерге Алматы тау кластерін одан әрі дамыту перспективасы туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, «Шымбұлақтың» қазіргі тау шаңғысы трассасын 56 шақырымға дейін ұзарту және жаңадан 65

ЕКІЖАҚТЫ БАЙЛАНЫСТАР НЫҒАЯ ТҮСТІ

Алматыда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің бейресми кездесуі өтті. Мемлекет басшылары келіссөз барысында қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастық қатынастарын одан әрі нығайту перспективасын, сондай-ақ өңірлік күн тәртібін талқылады. Бұдан бөлек, президенттер қаладағы бірқатар нысанды аралап, жасанды интеллектіге арналған көрмені тамашалады.

шақырым инфрақұрылым салу жоспарланып отыр. Бұл Алматы маңайында туристік әлеуетімізді барынша танытатын әлемдік деңгейдегі біртұтас ірі кластер құруға мүмкіндік береді.

«МЕДЕУ» СПОРТ КЕШЕНІНЕ БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев «Медеу» мұз айдынын аралап көріп, тау шатқалында орналасқан бірегей нысанның тарихынан сыр шертетін фотокөрмемен танысты. Мұз айдынының әлемдік спорт тарихындағы орны ерекше. Президенттерге 1972-1991 жылдары мұнда әйелдер мен ерлер арасында өткен жарыстарда барлық қашықтық бойынша 247 рет рекорд орнатылғаны жөнінде айтылды. «Медеу» әлі күнге Қазақстанның ең танымал

туристік нысандарының санатына кіреді. 2024-2025 жылғы маусымда мұз айдынына 460 мың адам келген.

Мемлекет басшыларына «Медеуді» орнықты туризм моделі бар әлемдік деңгейдегі орталыққа айналдыруды көздейтін жаңа даму жобасы таныстырылды. Кешенді реконструкциядан өткізгеннен кейін сырғанау маусымы айтарлықтай ұзарып, мұздың сапасы жақсарады және конькимен сырғанау спортынан ашық аспан астындағы халықаралық жарыстарды ұйымдастыруға мүмкіндік пайда болады. Ал спорт нысанынан сәл төмен орналасқан аумақ ашық алаңайы мен жаяу жүргіншілерге арналған жолдары бар рекреациялық аймаққа айналады. Бұдан кейін мемлекет басшылары мәнорлеп сырғанау шеберлерінің өнерін тамашалады.

БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысының Алматыдағы резиденциясында Қазақстан мен Өзбекстан президенттерінің бейресми кездесуі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманның Алматыға сапармен келгеніне ризашылық білдіріп, мұндай бейресми кездесулер жақсы дәстүрге айналғанын айтты.

«Бұл – бауырлас, достас мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмысты іскерлік сипатта тағы бір талқылауға орайлы сәт. Біз одақтас елдерміз. Екі ел арасындағы ықпалдастық тұтас Орталық Азия өңіріндегі жағдайға тікелей әсер етеді» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы бауырлас

халықтарды жақындастыруға, аймақтың орнықты және қауіпсіз дамуындағы ортақ мақсаттарды ілгерілетуге Шавкат Мирзиёевтің зор үлес қосқанын атап өтті.

«Қазақстандықтар Сізді жақсы таниды және аса құрметтейді. Сіздің мықты әрі абыройлы көшбасшылығыңыздың арқасында Өзбекстан қарқынды дамып келеді. Өткен жылы өзбек экономикасының өсімі 6 пайыздан асқанын білеміз. Экономиканың барлық секторындағы мақсатты көрсеткіштер жоспарға сай атқарылып жатыр. Өзбекстан неғұрлым табысты дамыған сайын, біздің елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық та соғұрлым сапалы болады. Сондықтан кездесуде нақты мәселелер бойынша пікір алмасамыз деп ойлаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Өзбекстан Президенті екіжақты байланыстарды нығайтуды көздейтін бұл кездесудің маңызына тоқталды.

«Мені өзіңіздің туған жеріңіз, атап айтқанда, Алматы қаласында достық пейілмен, екі халықтың дәстүріне сай ілтипатпен қарсы алып жатқаныңызға

рақмет. Өзімнің және халқымыз атынан ризашылығымды білдіремін. Соңғы жылдары қарым-қатынасымыз мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Біз одақтаспыз. Өзара сыйластығымыздың арқасында көптеген мәселе шешімін тауып келеді, екеуара уағдаластықтардың барлығы іске асырылып жатыр. Нақты нәтижелер бар. Сізді Қазақстанның зор табыстарға жетуімен құттықтаймын. Экономикаларыңыз дамып келеді, жетістіктеріңіз жоғары. Бірінші тоқсанды 5,4 пайызбен қорытындылап отырсыздар. Бұл жолғы кездесуіміздің сипаты ресми болмаса да, мен үлкен құраммен келдім. Дегенмен әрбір осындай бейресми жүздесулер біздің байланыстарымызға, барлық келісімдеріміздің орындалуына тың серпін береді» деді Шавкат Мирзиёев.

Тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, инвестициялық, энергетикалық, су шаруашылығы, өнеркәсіп кооперациясы және туризм салаларындағы өзара ықпалдастықтың перспективасын жан-жақты талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға ерекше назар аударылды. Сонымен қатар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері қарастырылды. Кездесу соңында президенттер қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігін одан әрі тереңдетуге бейіл екенін растады.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚ АРТА БЕРЕДІ

«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Словения Президенті Наташа Пирц-Мусарды салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Президенттер бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, Қазақстан мен Словенияның мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Салтанатты рәсімнен кейін мемлекет басшылары келіссөз залына барды. Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, оның сапары Қазақстан-Словения серіктестігін тереңдетуге септігін тигізіп, кең мүмкіндіктерге жол ашатынын айтты.

«Словениямен тығыз ынтымақтастық құруға ниеттіміз. Бұл анық. Президент ретінде өзара мүддемізге сай келетін барлық саладағы байланысты нығайтуға күш-жігерімді саламын. Біз Словенияның Қазақстанның Балқан түбегіндегі негізгі және өте маңызды серіктестерінің бірі ретінде қарастырамыз. Сіздің елдің бизнес өкілдеріне және үкіметіңізге бірқатар ұтымды жоба ұсына аламыз» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Словенияның Қазақстан экономикасына салған тікелей инвестициясының көлемі 200 миллион долларға жуықтады. Еліміздегі фармацевтика, машина жасау, телекоммуникация және жаңартылатын энергия көздері салаларында Словения капиталының үлесі бар 19 компания кәсібін табысты жүргізіп келеді. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Словенияның көлік-логистика, цифрландыру және инновация, денсаулық сақтау, туризм

бағыттарында өзара серіктестікті арттыруға әлеуеті зор.

Словения Президенті өзіне және делегациясына қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа шынайы ризашылығын жеткізді.

«Дипломатиялық қарым-қатынас орнаған 33 жыл ішінде екі ел арасында бірде-бір шешілмеген мәселе болған емес. Мұның экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге, өркендетуге мол мүмкіндік беретінін дұрыс атап өттіңіз. Сондықтан өзімнен бірге бизнес өкілдерінің үлкен делегациясын алып келдім. Олар қазақстандық әріптестермен бірге серіктестікті ілгерілетуге қатысты бағыттарды талқылап жатыр. Экономикалық ықпалдастығымыз артып келеді. Дегенмен бұдан да зор жетістіктерге жетеміз деп ойлаймын. Президенттер мен саясаткерлер арасындағы байланыстар әрқашан болашаққа бағдарланады. Өйткені саясаткерлер бизнестің көзжиегін кеңейтеді» деді Наташа Пирц-Мусар.

Сондай-ақ келіссөз барысында тараптар жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша жан-жақты пікір алмасты. Одан әрі Қасым-Жомарт Тоқаев пен Наташа



Пирц-Мусар екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Наташа Пирц-Мусар бастаған делегацияға құрмет көрсетіп, Қазақстанның Еуропадағы уақыт сынынан өткен сенімді серіктесі Словениямен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға бейіл екенін растады.

«Сіздің бұл сапарыңыз екі ел арасындағы өзара ынтымақтастыққа тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды. Жаңа ғана көптеген тақырыпты, оның ішінде халықаралық ахуалға байланысты кейбір нәзік мәселелерді талқылаған аса мазмұнды кездесу өткіздік. Біз екіжақты ықпалдастықты дамытуға ниетті екенімізді қуаттадық. Нақты нәтижелерге көл жеткізу үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қарым-қатынастарға тың серпін беретін бағыттарды атап өтіп, Қазақстанда Словения бизнесіне қолайлы жағдай жасауға ниетті екенін жеткізді. Бұл үшін кәсіпкерлік қызметті реттеудің ашықтығын қамтамасыз ету, инвестицияны қорғау мен экономиканы әртараптандыру көзделіп отыр. Мемлекет басшысы Астанада өтетін Қазақстан-Словения бизнес-форумына ерекше мән беретінін жеткізіп, аталған жиын екі елдің сауда-инвестициялық байланысын одан әрі кеңейтетініне тоқталды.

Наташа Пирц-Мусар Астанада қонақжайлық көрсекені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

«Бұл сапар экономикалық ынтымақтастығымызды тереңдетуге септігін тигізеді деп ойлаймын. Аталған мақсатты екі ел де қолдайды. Бұдан да жоғары

жетістіктерге жететінімізге сенімдімін. Оған біздің мол мүмкіндігіміз бар. Елдеріміз арасындағы тауар айналымы жыл сайын артып келеді. Өзіңіз айтқандай, Словенияның Қазақстан экономикасына салған инвестициясының көлемі 200 миллион долларға жетті. Бірақ әлеуетіміз бұдан да зор. Осы себепті Астанаға менімен бірге Словенияның жетекші 25 компаниясынан құралған үлкен бизнес-делегация келді. Мен бұған қуаныштымын» деді Словения Президенті.

Тараптар сауда, инвестиция, көлік-логистика, маңызды минералдар, цифрландыру, жасанды интеллект, денсаулық сақтау және туризм сияқты перспективті салалардағы ықпалдастықтың бірқатар мәселесін қарастырды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша президенттер Бірлескен мәлімдеме жасады. Ресми делегация мүшелері мынадай құжаттарға қол қойды: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Словения Республикасы Жоғары білім, ғылым және инновация министрлігі арасындағы білім және ғылым саласы бойынша өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі мен Словения Республикасы Экономика, туризм және спорт министрлігі арасындағы туризм саласы бойынша ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы мен Словенияның Сауда-өнеркәсіп палатасы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

БІР МИЛЛИОН ТАЛ ЕГІЛЕДІ

Биыл Астанада миллионға жуық жасыл желек отырғызу жоспарланып отыр. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Ауа райының жылынуымен қалада абаттандыру және көгалдандыру жұмысы басталды. Биыл миллионға жуық жасыл желек (ағаш, бұта, көшет және т. б.) отырғызуды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар барлық ауданда қоғамдық кеңістіктер (саябақтар, гүлзарлар, жележолдар) мен аулаларды абаттандырамыз. Қаланы аралау барысында Байқоңыр мен Сарыарқа аудандарындағы бірқатар орынға бардым. Мәселен, Ш.Уәлиханов көшесінің Бөгенбай батыр

даңғылынан С.Сейфуллин көшесіне дейінгі аралығында ескі үйлер мен заңсыз сауда нысандарын бұзған соң, орнына жаңа қоғамдық кеңістік салуды жоспарлап отырмыз. Алаңның жалпы көлемі 10,5 мың шаршы метрді құрайды. Онда біз ағаш пен бұта отырғызып, тротуарлар саламыз» деді әкім.

Әкім қалада жазушылар аллеясында көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізу жоспарланып отырғанын да атап өтті.

«Онда ірі ағаш (100 данадан астам) отырғызу жоспарда бар. Қазір бұл аллеяда жасыл желектер отырғызу үшін орындарды дайындау жұмысы белсенді жүріп жатыр. Сарыарқа ауданындағы жұмыстың маңызды бағытының бірі – вокзал маңындағы аумақты және оған іргелес көшелерді жаңарту. Осы жоба аясында Гете көшесін «Раиса ана» мешітіне дейін абаттандыру, яғни аумақты көгалдандыру, шағын сәулет нысандарын орнату, қосымша тұрақ аймағын салу жоспарланған. Сол сияқты қауіпсіздікті арттыру мақсатында жаяу жүргіншілер өткелдері жабдықталып, стационарлық боллардтар орнатылады. 2024 жылы Біржан сал мен Гете көшелерін есепке алғанда, вокзал маңы аумағының бір бөлігіне ауқымды жаңарту жүргізілді. Мұнда жаңа жаяу жүргіншілер тротуарлары орнатылып, қоғамдық кеңістіктер ашылды, жасыл желектер отырғызылды және т. б. Сол сияқты «Жастар» театрының алдындағы аумаққа айтарлықтай өзгерістер енгізілді, көгалдандыру жұмысы жүргізілді, суару жүйесі жақсартылды» деді Жеңіс Қасымбек.

Абаттандыру жұмысына қала әкімдігінің баса назар аударып отырғанына тоқталған әкім биылдың еншісіндегі жұмыстарды да атап өтті.

«Ғұмар Қараш пен Ә.Мәмбетов атындағы тарихи көшелерді жаңарту аясында 5 гектар аумақ абаттандырылып, ағаштар отырғызылды. Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның алдында жарықтандыру тіректерін жаңарту, заманауи көше жиһаздарын орнату және қолжетімділік қағидатын ескере отырып, жерасты өткелін реконструкциялау жоспарланып отыр» деді ол.



ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАЛЫҚ САЛЫНАДЫ

Кеше Сенат төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының басшысы Мәулен Әшімбаев пен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек құрылысы жүріп жатқан инклюзивті спорт орталығы салынатын жерде нысанның іргетасын қалау рәсіміне қатысты.

«Инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымға ерекше көңіл бөле отырып, елордамызды дамытуды әрі қарай жалғастырамыз. Сонымен, қалада тіршілікті қамтамасыз ету нысандарын, әлеуметтік нысандарды – мектептер, мемлекеттік балабақшалар, оқушылар сарайлары, қолжетімді жеңілдетілген тұрғын үйлер, медицина, спорт нысандарын және т. б. саламыз.

Бұл әлеуметтік маңызды нысан – бірегей жоба. Мұнда мүгедектігі бар спортшылар тек жаттығып, жарыстарға дайындалып, оңалтудан өтіп қана қоймай, өзара араласып, бір-біріне қолдау көрсете алады» деп бөлісті өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында елорда әкімі.

Инклюзивті спорт орталығында бочча, арбадағы футбол мен баскетбол, үстел теннисі, голбол, отырып

ойнау волейболы, бейімделгіш пионербол және т. б. ойнауға арналған залдар жабдықталады. Сол сияқты орталықта мүгедек балалар мен ересектерге арналған дене шынықтыру-спорттық, оңалту қызметтері көрсетіледі.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасау бойынша жүйелі жұмыс жүргіземіз. Балабақшалар мен мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттерін ашамыз, оңалту орталықтарының желісін кеңейтеміз, инватаксияның арттырамыз, жаңа қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды, жаяу жүргіншілер тротуарлары мен жолдарды абаттандыру кезінде алдымен адамдардың барлық санатының қызығушылығын ескереміз, – деді қала әкімі.

СПОРТ МЕКТЕБІНДЕГІ СЕНБІЛІК

«Таза Қазақстан» ауқымды экология акциясы аясында елордалық жас спортшылар «Аспан» спорт мектебінің аумағында сенбілік өткізді.

«Таза Қазақстан» экоакциясын спорт мектебінің оқушылары, жаттықтырушылар және мекеменің басқа да қызметкерлері қолдады. Олар айналаны қоқыстан тазартты.

– Акция – біздің жас спортшылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының бір бөлігі, өйткені олардың өздері осындай іс-шараларға тікелей қатысып, қаланың тазалығына атсалысады. Жыл сайын біз спортшылардың жұмысын қорытындылап, спорттағы жетістіктері үшін ғана емес, осындай іс-шараларға белсене қатысқаны үшін де марапаттап отырамыз,

– деді №7 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жетекшісі Серік Халелов.

Орталық қызметкерлері мен спортшылары экология акцияларына тұрақты түрде қатысады. Бұл сенбілік – көктемгі маусымның алғашқысы.

«Біз бапкерлермен, қызметкерлермен және спортшылармен бірге аумақты тазарттық. Мұндай іс-шаралардың маңызы зор деп есептеймін, өйткені қала тазалығына әркім өз үлесін қосып, Астананы көркейтуі тиіс» деді джиу-джитсудан Азия чемпионы Кемаль Рузахунов.



БАЛАҒА УАҚЫТ БӨЛІҢІЗ

Аманат партиясының Астана қалалық әйелдер қанаты отбасы құндылығын нығайту мақсатында «Балаға уақыт арна» шарасын өткізді.

– Аталмыш іс-шараға 100-ден астам астаналық отбасы қатысты. Ең қуаныштысы – бұл жолы тек аналардың ғана емес, әкелердің де белсенділігі ерекше болды. Отбасы – қоғамның тірегі. Балалармен уақыт өткізу, ортақ қызығушылықты табу және бірге жарқын естеліктер қалыптастыру маңызды. Осындай іс-шаралар біз-

ге, күнделікті қарбалас өмірге қарамастан, ең жақын жандарға көңіл бөлу керек екенін еске салады, – деді С.Дженалаева.

Мамандардың пікірінше, баламен бірге көп уақыт өткізу – оның психологиялық дамуы мен өзіне деген сенімін арттырудың басты кепілі. Сондықтан мұндай іс-шаралар – тек бір күндік ак-

ция ғана емес, отбасы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Отбасы құндылығын нығайту бағытындағы бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады.

Ақнұр ИЛЬЯС,
Астана қаласы
№96 мектеп-гимназияның
11-сынып оқушысы

БАСТАМАЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Елорданың Қоғамдық тамақтану және сервис колледжінде Ұлттық құрылтайдың мән-маңызы айтылған жиын өтті. Кездесуге Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы жанындағы «Келешек» республикалық жастар кеңесінің төрағасы Аян Сәлімгереев қатысып, студенттерге қоғам мен мемлекет арасындағы ашық диалог алаңы ретіндегі мәнін түсіндірді.

Индира
БЕРЖАНОВА

– Ұлттық құрылтай – ел дамуының өзекті мәселелерін талқылауға арналған маңызды бастама. Оның құрамына қоғам қайраткерлері, жастар және түрлі сала сарапшылары кіреді. Басты мақсаты – әділетті әлеуметтік саясат қалыптастыру, азаматтық бас-

тамаларды қолдау және халықтың өмір сүру сапасын арттыру, – деді А.Сәлімгереев.

Сондай-ақ «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында жастарға бағытталған жаңа мүмкіндіктер талқыланды. Спикер жұмысшы мамандықтарының дамуына мемлекет тарапынан түрлі қолдау қарастырылғанын айтып өтті.

– Мемлекет жұмысшы мамандықтарын дамытуға ерекше көңіл бөлуде. Колледж түлектеріне өз кәсібін ашу үшін гранттар, жеңілдетілген несие беру бағдарламалары, жетекші кәсіпорындарда тағылымдамадан өту және жұмысқа орналасту мүмкіндігі қарастырылған. Оны тиімді пайдаланып, алға ұмтылу маңызды, – деді ол.

КӨЛІКТЕГІ ӨРТТІ БОЛДЫРМАС ҮШІН...

Соңғы жылдары автокөліктердің өртенуі жиілеп келеді. Жанғыш материалдардың болуы, жанғыш ортаның пайда болуына қолайлы жағдай, сондай-ақ тұтану көздері – осы факторлардың барлығы автомобильдің өрт қаупін күшейтеді. Кейде өрттің себебі тіпті ақаулы электр сымдары емес, жай ғана машина бөліктерінің жоғары температурасы болуы мүмкін.

Жолаушылар салонында жанғыш материалдар көп, олар: былғары, пластмасса, тоқыма және басқа да бұйымдар. Жүк бөлігіндегі өртке әсер ететіндер: әрлеу материалдары, багаж, сұйықтықтары бар контейнерлер,

әртүрлі жылтыратқыштар, жанармай бағы және т. б.

Көліктердегі өрт сөндіргіш қолмен іске қосылады. Автомобильдің жүк көтергіштігі мен моделіне байланысты өрт сөндіргіштердің әр түрін пайдалану ұсынылады.

Соған қоса, автомобильдегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қозғалтқышты ғана емес, сондай-ақ автомобильдің электр бөлігін уақытылы техникалық байқаудан өткізіңіз, егер автокөлік газ отынында болса, жабдыққа уақы-

тында қызмет көрсетіңіз. Автомобильді жылыту үшін ашық отты қолдануға, аккумуляторды тікелей көлік құралында оқтауға, отын бақтарының мойны ашық көлік құралдарын қалдыруға болмайтынын ескеру керек.

Егер автомобиль өртенсе, онда автомобильді тоқтатыңыз және қозғалтқышты сөндіріңіз. Сигналдарды жолға қойыңыз, машинадан құжаттарды алып, өрт сөндіргішті себіңіз, жолаушыларды түсіріңіз. Естеріңізде болсын, жанған көлікте

90 секундтан артық қалуға болмайды және жедел түрде «101» қызметіне хабарласып, өрт сөндірушілерді, полицияны шақырыңыз. Бензиннің ағып кетпеуін қадағалаңыз, темекі немесе тіпті үйкеліс тудыратын кішкентай тас өртке себеп болуы мүмкін.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы Алматы
ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы,
азаматтық қорғау аға лейтенанты



Ержан
ҚОЖАС

ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНДАҒЫ ТІРЕКТІ КОМПАНИЯ

Астана қаласы маңындағы №1 индустриялық паркте орналасқан зауыт өз жұмысын бастағалы 650 тепловоз шығарыпты. Үш ауысыммен жұмыс істейтін алып өндіріс алаңында 700-ден аса жұмысшы-маман бар.

«Біздің компания – Орталық Азиядағы алдыңғы әрі өнімдері сұранысқа өндіріс орындарының бірі. Әрине, Қытай мен Ресейді қоспағанда солай. Ал алғашқы тепловоз 2010 жылы шығарылды. Содан бері тоқтаусыз жұмыс істеп келеміз. Жылына үш түрлі үлгімен 120 тепловоз

2009 жылы Астана қаласында құрылған «Локомотив құрастыру зауыты» акционерлік қоғамы негізінен тапсырыс аясында жұмыс істейді. Өйткені шығарып отырған өнімі – көп тер төгуді қажет ететін дүние. Тәжірибесі мол мамандарды ғана топтастырып, сапа кепілдігіне бірінші мән берілуі тиіс. Иә, теміржол саласындағы ең керекті дүние – локомотив және жылжымалы құрамаларды, яғни тепловоз өндірісін жолға қойған компания өз өнімімен мемлекетіміздің бар сұранысын қанағаттандырып отыр. Сондай-ақ сырт елдерге де экспортқа жібереді.

айран) қарастырған. Сондай-ақ Рауан зауыттағы жас мамандарды арнайы курста оқыту ісі жолға қойылғанын айтып отыр. Әсіресе, ағылшын тілін меңгергендер АҚШ елінде болып, тәжірибеден өтіп келуде.

«Бірақ бір өкінішті нәрсе бар. Қазіргі жас буын бірден тез ақша тауып, бірден үйлі, көзкікті болғысы кеп тұрады. Болмаса бірден басшылық қызметке үйір. Яғни жұмысшы ретінде сол сатыдан өтіп, қолына балға немесе басқа құрал ұстап, өндірістің нағыз иісін сезінуден қашады. Бұл дұрыс емес деп ойлаймын. Өйткені кез келген өндіріс алаңында жұмысын бастамаған адам ертең басшылық не ұйымдастырушылық лауазымға барғанда да саланы терең түсінбейтіні

жетекші кәсіпорындардың бірі ғана болып қойған жоқ. Жоғарыда айтқандай, сыртқы нарықта да сұранысқа ие болған компаниямен мақтануға әбден болатындай. Өндірістің жоғары деңгейі мен өнім сапасын арттырып келген компания әлі де халықаралық аренада экспорттаушы ретінде өз абыройын арттыруды мақсат етіп келеді.

Айтпақшы, салада сіз бен біз білмейтін қызық көп. Айталық, қазіргі бір тепловозға 9 тоннаға дейін дизель отыны кетеді. Сондай-ақ бір тепловоздың салмақты не жүкті (вагон) тарту күші әртүрлі көрінеді. Мысалы, таулы өлке, ойлы-қырлы жерлерде 3,5 мың тоннаға дейінгі жүкті сүйрей алады. Ал жазық далада (Қызылорда



шығаратын күшіміз бар. Яғни ай сайын 10 тепловоздан келеді. Ішкі нарықты қамтудан бөлек, өзге мемлекеттер де біздің зауыт өнімін алады. Осы кезге дейін 40 тепловозды экспорттадық. Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Моңғолия, Украина және Молдова мемлекеттерінде біздің тепловоздар жүр. Жалпы біздің локомотивтер Қазақстанда бұрынғы кеңес кезінен қалған ескі тепловоздардың орнын ауыстырғалы 10 жылдан асып кетті» дейді компанияның маркетинг және сату бөлімінің бастығы Рауан Дөңсебаев.

Рауанның айтуынша, зауытқа

керек шикізаттың басым бөлігі өз елімізден екен. Мысалы, бір локомотив (тепловоз) салмағы 138 тонна деп алатын болсақ, соған кететін барлық құрастыру құрылғыларының 75 пайызы – қазақстандық өнім. Яғни осы зауытта дайындалады немесе кейбір керекті зат өзге өңірден келеді. Ал двигатель, генератор, компьютер аппараты сияқты негізгі бөлшектерді америкалық акционер компания жібереді.

«Бүгінге дейін «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ өзінің қол жеткізген жетістігімен қалып қоймай, оны әрі қарай дамытуда. Дұрысы, өндіріс пен өнім көлемін арттырып,

Қазақстаннан шығатын локомотивтерді өзге де мемлекеттерге экспорттауды қарастырып жатырмыз. Екіншіден, заманауи үдеріске ілесіп, жұмысшылар кәсіби білігін арттыру, жаңа технология мен тепловоздардың басқа да үлгілерін дайындау мәселелері де күн тәртібінен түскен емес» дейді Р.Дөңсебаев.

Зауытта дәнекерлеушілер, инженерлер, станок операторлары сынды жұмысшы мамандық иелері көп. Сондай-ақ электриктер мен кран айдаушылар да жеткілікті. Ал олардың айлық жалақылары кейбір басшылық құрамдағылардан да жоғары көрінеді.

«Біздегі қызметкерлерге әлеуметтік қолдау жағынан барлық жағдай қарастырылған. Әсіресе, жас мамандарға көмек жиі көрсетіледі. Зауыт жұмысы алға басқалы біздегі көп жігіт компания тарапынан нөл пайызбен ипотека арқылы баспаналы болды. Одан бөлек, жұмысшыларға жатақхана салып, пайдалануға бердік. Тағы

бір қолдау – сырттан келген мамандарға жалақысынан бөлек, пәтеракысын да төлеп береміз. Қаладан қатынайтын-дарға қоғамдық көлік, дәмді асхана, 13-айлық, балаларын Ақмола облысы Көкшетау



анық қой. Біздегі жас жұмысшы жігіттер өзін көрсетіп, еңбекке төселіп, болды-толды деген уақытта басшылық оларды жоғарылатып, түрлі қызметті сеніп тапсырып отыр. Ондай мысал жетерлік» дейді Рауан.

Отандық өнім шығарып қана қоймай, қазақстандық өнеркәсіптің жоғары әлеуетін көрсете білген «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ елдегі

немесе Батыс, Орталық Қазақстанның кей облыстарында) 8 мың тоннаға дейінгі жүк не жолаушы пойызын алып жүреді деген дерек бар. Ал біз әңгімелеген компания бүгінде үш түрлі үлгідегі – жолаушылар таситын, жүк тартатын және станция маңындағы вагондарды қозғаушы тепловоздарды нарыққа шығаратынын тағы да еске саламыз.



өңіріндегі жаздық демалыс лагерлеріне жіберу, сонымен қатар, жұмысшыларға жыл бойы Сарыағаш, Манкенттегі шипажайларға жолдама беру тұрақты жүреді. Тоқсан сайын берілетін премиядан бөлек, Жаңа жыл, Наурыз мерекесінде мерекелік қаржылай сыйақы тағайындалады. Ең жақсысы – жыл соңында зауыт тапқан артық пайда немесе үнемделген қаржы зауыт жұмысшыларына теңдей бөлініп беріледі» дейді компанияның маркетинг және сату бөлімінің басшысы.

Компания өз қызметкерлеріне әр маусымға арнайы киім және ағзаға қажетті витаминді жеңіл тағамдар (сүт,



Қазақ халқында «шыңға біткен шынардың бұтақтары бір-бірімен байланысып өседі» деген атадан балаға мирас болып жалғасқан аталы сөз бар. Бұған алты алаштың ардақтысы Міржақып Дулатұлы мен оның жерлесі Қалмағамбет Таңқыұлының өзара туысқандық және рухани байланыстары нақты дәлел болғандай.

Қалмағамбет Таңқыұлы – халқымыздың жоңғар басқыншыларына қарсы күресінде қол бастаған Мерген батырдың ұрпағы. 1864 жылы Ы.Алтынсарин Торғайда тұңғыш мектеп ашпақ болғанда оның туысы Төке би осы білім ордасын салуға қомақты қаржы беріп, ұлы ұстаздың алғашқы 13 шәкіртінің бірі ретінде өзінің тұңғышы Нұрмағанбетті де оқуға береді. Бұл игі дәстүрді кейін Төке бидің өзге туыстары да жалғастырған. Қалмағамбет те – осы мектептің алғашқы түлектерінің бірі. Оқуға зейінді жастың білімге ынтасын аңғарған Торғай уезінің бастығы Я.П. Яковлев оған Красноуфимск реалдық училищесіне оқуды ұсынады. Талапты жастың оқу шығынын ағасы Сейдахмет Байсейітұлы мен осы уездің Шұбалаң болысының басқарушысы Смағұл Төкеұлы бөліп төлейді. Ағаларының артқан үмітін ақтап, Қалмағамбет Красноуфимск реалдық училищесінің ауыл шаруашылығы бөлімін үздік бағамен бітіріп шығады. Ол мұнан соң арнайы жолдамамен Әулиеата уездік жер басқармасына жұмысқа жіберіледі. Қасиетті Әулиеата жерінде біраз жыл жұмыс істеп, осы өлкеге әйгілі Бұралқы болыстың балдызына үйленіп, шаңырақ көтереді. Елге сыйлы азамат біраз жыл Меркеге болыс болып сайланады. Кейін Әулиеата уездік земство бастығы болып қызмет атқарады. Жауапты қызмет атқарып жүрсе де, халқының қамын ойлап, мүддесін қорғауды өзіне басты мақсат етіп қойған оны патша шенеуніктері үнемі бақылауда ұстаған. Қазір бізге Қ.Таңқыұлына «1916 жылғы көтерілісті қолдаған» деген айып тағылып, одан бірнеше ай бойы жауап алынғаны туралы мұрағаттан белгілі болып отыр.

Қалмағамбет 1920 жылы Колчак түрмесінен қашып шығып, Әулиеатаға ат басын тіреген С.Сейфуллинді бірнеше күн қонақ етіп күтіп, Ташкентке жеткізіп салған. Бұл туралы кезінде Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты ғұмырнамалық шығармасында жазылған болатын.

Ол кейін 1929 жылдары Әулиеатаға келген алаштың ардагері Міржақып Дулатовтың от-

ТЕРЕҢ ТАМЫР



Әбік Қалмағамбетұлы Танкин інісі ақын Ғафу Қайырбековпен бірге

басына да қамқорлық жасапты. Бұл жайлы Жақан атаның қызы Гүлнар Дулатова апамыздың «Шындық шырағы» кітабында Ботакөз Асқарқызы (Ботакөз – Міржақып Дулатовтың ағасы Асқардың қызы) апай тебірене еске алған болатын: «Тұяқбай ауылымен іргелес – Қалмағамбет Танкин... Ол Торғайдан Әулиеатаға келіп, осы елге сіңген арғын. Ол кісіні ел құрметпен «Қалекен» дейді. Қалекен – елуді еңсерген, толық денелі кісі. Ол – Шу өлкесінің атақты болысы

төрт түлігі сай, елге сыйлы, беделді кісі. Біздің үш үйді өзінің қамқорлығына алды. Мұстафа мен Әбік бастаған ауылдың қыз-келіншектері бас қосып, түрлі ұлт ойындарын өткізіп, қалаға киноға баратынбыз» деп жазады Ботакөз апай өткен күндердің елесін ой елегінен қайта өткізген шақтарында. Гүлнар Міржақыпқызы апай да Қалмағамбеттің «Қонақ келгенде дастарқаның бос тұрмасын» деп, Міржақыптың әулетіне «қунара сойыстық бір қой мен бір саба



Гүлнар Дулатова



қымыз жіберіп тұрғанын» асқан ризашылық сезіммен еске алады екен. Бұл туралы Қостанай облыстық телеарнасына сұхбат бергенде атақты ақын Ғафу Қайырбековтің жұбайы Бәдеш Хамза қызы да айтқан болатын. Бұл арада тағы бір ескерте кететін жағдай: осы естелікте есімі аталған Мұстафа Бұралқиев – Ботакөз Дулатованың күйеуі. Ол әрі Әбік пен Халық Танкиндердің туған бөлесі, Әбік пен Мұстафа Ташкенттегі САГУ-де де бірге оқыған. Әбік (Әбдісамат) Танкин САГУ-дің экономика факультетін бітірген алғашқы қазақ, ал Мұстафа да осы жоғары оқу орнынан «агроном мамандығын» алып шыққан.

Мұстафаның әкесі Бұралқы Сұлтанбекұлы – сол дәуірде Әулиеата өлкесіне кеңінен танымал ел ағасы, әділ би болған кісі. Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлының құрастыруымен 2021 жылғы «Өнер» баспасынан шыққан «Бауыржан Момышұлы» атты жинақта жарияланған «Қазақтың алғашқы агрономы Мұстафа Бұралқиевті білесіз бе?» атты мақаладан Бұралқы болыс пен оның баласы Мұстафа туралы біраз деректі кездестіре аламыз.

Осы жинақта 1928 жылғы 20 қазанда жазылған «Бұралқы Сұлтанбекұлының мал-мүлкін тәркілеп, отбасын жер аудару туралы» құжатта: «Б.Сұлтанбекұлының отбасында 11 адам бар» және «ұлы Мұстафа – 31-де, Мұртаза – 25 жаста. Балмағамбет – 18-де, Исрайлы, Сейтжаппар деген ұлдары да бар, 7 жастағы қызы Дәкия өз ауылында. Ал Мұстафа екі інісімен және 20 жастағы келін-

шегі Ботакөзбен бірге Ташкентте» деген құжат та бар. Осы жинақта: «Б.Сұлтанбекұлының отбасымен бірге оның Ташкентте қызмет істейтін ұлы Мұстафаны, әйелі Ботакөз бен сол қалада оқитын екі ұлы Исраил мен Сейтжаппарды Оралға жер аудару туралы» қаулы да жарияланған. Сондай-ақ Мұстафа Бұралқиевтің есімін 1930 жылдары Қазақстаннан Мәскеудің Бутырка түрмесіне жіберілген «Кеңес өкіметіне аса қауіпті саяси қылмыскерлердің» тізімінен де кездестіруге болады.

Ал халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы атамыз өзінің естеліктерінде Мұстафа Бұралқиевті 1925 жылы алғаш көргенін, мұнан кейін арада 45 жыл өткенде кездескенін айта келіп ол туралы: «Один из первых агрономов казахов... Враг народа 1937 года. Реабилитирован. Много знает. Молчит. Работает. ...Я уверен, что у него есть личный архив» деп жазған екен.

«Мемлекет пен ұлттың тарихы кейде жеке адамдардың өзара туысқандық байланысынан да құралады» деп орыс тарихшысы Н.Карамзин жазғандай, Қалмағамбеттің екінші ұлы Халық (Әбдіхалық) Танкин Мәскеудегі теміржол институтында оқып жүргенде Қазақстан үкіметі оны Түрксиб құрылысына жұмысқа шақыртып алдыртады. Кейін Қазақстанның Жер шаруашылығы халық комиссариатында жауапты қызмет атқарып жүрген Халық Қалмағамбетұлы 1937 жылғы сталиндік саяси зобалаң кезінде «байдың ұрпағы» деген жаламен ұсталып, атылып кетті. Оның баласы Марат кейін Қазақ теле-радио журналистикасының негізін қалаған атақты ғалымдардың бірі болды. Ол ғалым-журналист, филология ғылымдарының докторы Марат Барманқұлов – Танкин ағамыз еді...

Ал Қ.Таңқыұлының Қайырбек атты інісінің баласы атақты ақын, Қазақстанның халық жазушысы Ғафу Қайырбеков болатын.

Осы арада бір ескерте кететін жағдай, М.Дулатовтың қызы Гүлнар апаймен Қалмағамбет атаның інісі Ғафу (Қайырбеков) әкемнің отбасылары кеңестік қытымыр саясаттың кезінде де туысқандық байланысты үзбегендігі. Ғафу әкемнің үйінде торғайлық жерлестеріміз бас қосқанда олардың арасынан Гүлнар апамызды да бірнеше рет көрдім. Ғафу әкемнің ол кісіні ерекше құрметтейтіндігін бала болсақ та байқаушы едік.

1970 жылдары менің әкем Бидаш Сейдахметұлы жазда Дүбір деген жерге бие байлап, жаз жайлауға шығатын. Сонда әкем:

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш, Емеспін жемісі көп тамаша ағаш. Қалғанша жарты жаңқаң мен сенікі –

Пайдалан, шаруаңа жараса Алаш» деген толғауды оңашада дауысын қатты шығармай, ыңылдап қана айтып отыратын. «Бұл кімнің өлеңі?» деген сұрағымызға: «Қазақтың кеңірек азаматы болған. Соның өлеңі бұл. Заман түзелсе, кейін бұл өлеңді кімнің жазғанын өзің де білерсің» деуші еді.

«Елу жылда – ел жаңа, Жүз жылда – қазан» деп халқымыз айтқандай, енді тәуелсіз қазақ елі Міржақып Дулатұлы атамыздың 140 жылдық мерейлі мерекесін салтанатты түрде атап өтпекші. Осы орайда, халқымыздың ұлы қайраткері мен онымен сыйлас болған азаматтар туралы уақыт тозаңы баса бастаған осы тың дерек көпшілік назарына ұсынғанды жөн санадым.

Қабылахан СЕЙДАХМЕТ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

«РАМАЗАН СЫЙЛЫҚТАРЫ» ТАРАТЫЛДЫ

Игі іске шақыратын, жақсылық жасауға үндейтін, кісіге көмек беруге ұмтылатын тағы бір ізгі ай – қасиетті Ораза айы да аяқталды. Ертеңінен үлкен үміт күтетін көпшілік «Рамазаннан – Рамазанға аман жетейік» деген тілек-ниетте айт мерекесін тойлауда.

Ізгілік айында астаналық Әлия Жанәділова мен Дидар Келгенбай қаладағы қарттар үйіндегі қарияларға арнап ауызашар берді. Ауызашар дастарханына арнайы автобуспен алдырған қариялардың құрметіне домбырашылар күмбірлетіп күй шертіп, әншілер әннен шашу шашты. Астан кейін қарттарға «Рамазан сыйлықтары» тарту етілді. Ақ дастарқан басында ақсақалдар игілікті іс жасап, қарттарға құрмет көрсеткен азаматтарға алғысын жеткізіп, батасын берді.

«Халқымыз Рамазан айына ерекше дайындалады. «Он екі айдың сұлтаны деп атап, айрықша қастерлеген айда жақсылық жасауға, қайырымдылық істерге атсалысуға ұмтылады. Отыз күн Оразада көмекке зәру адамдарға, жанашырлықпен қарап, көмек қолын созуға шақырады. Біз жыл сайын қасиетті айдашын мұқтаж жандарға азық-түлік таратып, көмек көрсетуді дәстүрге айналдырғанбыз. Биыл қарттар үйіндегі қарияларымызға ауызашар беріп, қамкөңіл жандарға қуаныш сыйлауды жөн көрдік» дейді Әлия Жанәділова.

Әлия Хайырсанқызы мен Дидар Ақашұлы әр жыл сайын қасиетті Рамазан айында қолдауға мұқтаж отбасыларға әлеуметтік маңызы бар азық-түлікке толы «Рамазан сыйлықтарын»

тарататын. Биылғы тарту қарияларға арналды. Қарттар үйіндегі қариялар – мемлекет қамқорлығында. Олар ондағы жасалған жағдайға разы. Әйтсе де, қоғамның қолдауы, жанашыр жандардың көңілі мен мейірімін сезіну бөлек күй. «Жасы жетпістің төртеуіне шыққан ақсақал қарттар үйін ширек ғасырдан астам уақыт бойы мекен етіп келе жатқанын айтты. Қамкөңіл жан. Жақындары болса, бір уақыт іздеп келер ме еді. Қарттар үйіндегілердің басын көпшілігі қазақ екенін көріп, көңіл құлазыды» дейді қайырымдылық ұғымының екі қыры бар. Бірі – рухани-экономикалық жағы. Бұл басқаның басына түскен ауыртпалықты көтеріп, көмек қолын созу. Екіншісі – іс-тәжірибелік жағы, яғни іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу. Осы тұрғыдан алғанда, Әлия Хайырсанқызы мен Дидар Ақашұлының бастамасы ізгілікті істің екі қырын толық қамтиды деп айтуға болады.

Халқымыз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылған. Кісіге, табиғатқа қамқорлық жасау – қайырымдылықтың көрінісі.

Бағдағұл РАХМЕТҚЫЗЫ,
журналист

ЗОРЛЫҚҚА – ТОСҚАУЫЛ

Астанада «Оқушылар арасындағы қатыгездік пен оны жеңу жолдары» тақырыбында сараптамалық кеңес өтті.

Қалалық Адам құқықтары жөніндегі өкілдігінің ұйымдастыруымен өткен кеңесте оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, буллингтің себептері мен салдары, алдын алу шаралары талқыланды. «STOP буллинг» жобасы аясында қала мектептерінде 107 мыңнан астам оқушыны қамтыған сауалнама жүргізілді. Бұл зерттеу арқылы балалардың мектептегі жағдайы мен қысым көргені туралы ақпарат жиналды.

ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Астана қаласы бойынша өкілі Баян Жалмағанбетованың айтуынша, оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық мектеп ішінде ғана емес,

әлеуметтік желілерде де белең алып отыр. «Қазіргі кезде оқушылар арасындағы қатыгездік тек мектеп ішіндегі жағдаймен шектелмей, әлеуметтік желілерде де орын алатын жағдайлар жиі кездеседі. Бұл да өз кезінде буллингтің таралуына ықпал етіп, оқушылардың психологиялық денсаулығына зиян келтіреді. Сондықтан білім беру мекемелерінде қауіпсіздік іс-шаралары мен психологиялық қолдау қызметтері де күшейтілгені жөн» деді ол.

Кеңес қорытындысы бойынша оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеу туралы шешім қабылданды.

Табиғи монополия субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Астана қаласы, І.Жансүгірұлы көшесі, 7 мекенжайы бойынша орналасқан «Астана-Теплотранзит» АҚ тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға 2024 жылға бекітілген тарифтік сметанын орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп беруді өткізеді.

Тыңдау 2025 жылғы 23 сәуірде сағат 15.00-де Астана қаласы, І.Жансүгірұлы көшесі, 7 мекенжайындағы «Астана-Теплотранзит» АҚ ғимаратында өткізіледі, сондай-ақ facebook.com әлеуметтік желісіндегі «Астана-Теплотранзит» АҚ-тың ресми парақшасы арқылы онлайн режимде таратылады.



Солдан оңға қарай екінші болып отырған Мұстафаның әкесі – Бұралқы болыс Сұлтанбекұлы (фото «Бауыржан Момышұлы» атты жинақтан алынды)

2022 жылы қараша қаздар қайтқанда Астана жақтан келген қаралы хабар төбемізден жай түсіргендей болып еді-ау. Содан бері де атқан оқтай зымырап үш жыл сырғып өте шығыпты. Иә, Көпен көкені көрмегенімізге үш жыл толды. Осы мезгілде жүрегімізде беріш болып қатқан түйін ұлғаймаса кішірейген жоқ. Желемік желмен жапырақ сыбдырласа да, есік кенеттен айқара ашылса да, Көпен көке кіріп келетіндей елеңдейтініміз қалай?

Өйткені ол өзінің алғаусыз адал жаратылысымен айналасына ақжарылқап пейілі мен мейірімін, шуағын шашып жүрді. Оның біреуді алалағанын, бөтенсінгенін байқамаппыз. Кімді болса да іші-бауырына тартып, жақын көріп тұрушы еді. Күлкіден күмбез тұрғызаған келісті көкем жұрттың жоғын жоқтап, мұнын азайтуға да көбірек көңіл бөлетін. Бір таңырқатары, Көпекен шаршау, еріну, бүгінгі істі ертеңге қалдыру дегенді білмейтін. Қашан да ел аралап, көпшіліктің ортасында жүргенді хош көрді. Ел ішінде жүргенде ағайынның, туыстың, дос-жаранның қуанышы мен қайғысына ортақтасып, бірге жүруді өзінің азаматтық борышы санады. Сондықтан ол көптің Көпені атанды. Өзі сүйген халқының жұбанышы да, қуанышы да бола білді.

Ана бір жылы Шымкентте (облыс орталығы болып тұрған кез) республикалық «Наурыз» ақындар айтысы өтті. Қазылар алқасының төрағасы қазақтың

КӨПТІҢ КӨПЕНІ ЕДІ...



көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әлі еді де, жүргізушісі Көпен Әмірбек болатын. Біз сол қазылар алқасының құрамында отырдық. Сонда ғой, ақын-дар айтысып болғанда, келесі жұпты хабарламаққа Көпекен шығады. Оның әр шыққанды ду-ду күлкі. Тауып айтады, бүлдіріп емес, күлдіріп айтады. Жиналған қауым ақберен айтыстың ауқымдылығына айыздары қанып айбарланса, Көпеннің күміс күлкілеріне көміліп қалып еді-ау сонда.

Үзілісте сөз тапқыш Қадыр ағам айтады: «Бұл Көпен мұхиттағы ақула сияқты. Ақула-ның түрі көп. Солардың бірі туа салып үнемі қозғалып тұрады. Өйткені қозғалмаса су түбіне кетеді. Көпен де сол,

шаршауды-шалдығуды білмейді. Үнемі қозғалыста. Бір қарасаң Көкшетауда, бір қарасаң Ақтауда, енді бір қарасаң Қаратауда жүреді» деп. Расында, Көпекен үнемі қозғалыста, ізденісте болды. Оған көкемнің Садықбек Адамбеков атындағы сықақшылардың республикалық конкурсын өткізуі, сатириктердің антологиясын шығаруға мұрындық болғаны, «Көпен келе жатыр» атты театр ұйымдастырғаны, «Жол-жөнекей» бағдарламасын жүргізгені, жабылып қалған «Ара» журналын жанкештілікпен алып қалып, жарыққа шығарып келгені, тағы да толып жатқан еңбектері куә. Бұлардың арасында ол телеарналарда жүргізілетін сандаған

бағдарламаларға қатысып, құнарлы пікір айтатыны, қазылар алқасында болып, үміткерлердің таланттарын бағалаулары да бар. Мұның арасында республикамыздың түкпір-түкпірінде түрлі мәдени-көпшілік іс-шаралар өтіп жатады. Қазылар алқасының төрағалығына ұсынылады, құрметті қонақ ретінде шақырылады, осының барлығына да уақыт тауып, думан-той ортасында Көпекен күлкі шашып жүреді. Ол жүрген жер қашан да көңілді, сол ортада өзінді суда жүзген балықтай еркін сезінесің. Осы жерде курстарын жұмылдырып, университет бітіргендеріне елу жыл толғанда «Дариға, қайда сол жылдар» атты үш жүз елу беттік кітап шығаруға мұрындық болып, жинаққа өзі редакторлық еткенін қосыңыз.

Көптің адамы Көпекен – адамдармен тез тіл тапқыш. Табан астында тауып айтатыны талайларды тамсандырған. Жалпы, күлкіде құдірет бар. Ол адамды жадыратады да ойға салады. Айталық, әлемнің Өпендісі – Қожанасырды алайық. Оның қай қалжыңын алсақта, тұнып тұрған философия. Бір ауыз сөзімен талайларды тұрмастай етіп талдырып тастаған. Адамның көпелімінде ойына келмейтін жауапты Көпекен бір ауыз сөзімен жеткізеді. Сол бір ауыз сөзімен ақ тоқмейілсінген талайларды түйреп тастайды. Мұндай тапқырлық Көпен көкеде де бар болатын.

Бірде Шымкент әуежайында жолығып қалдық. Бір жамғайындары қаза болып, соның қырқынан қайтып бара жатқан беті екен. Ұшақтың көкке көтерілуіне әлі біраз уақыт бар. Мұндайда уақыт оздыру үшін әңгіме ширатамыз ғой. Кенет бір таныс адам туралы сөз бола қалды. Көкем: «Ол ракета сынды адам ғой. Өзі алға озып кетеді. Дүбірі соңында шығады» деп сипаттады. Таң қалдым! Расында, ракеталар ту-ту алыста кетіп бара жатады. Ал дүбірі өзі-

нен әлдеқайда артта, басқа жақта шығып жатады. Біз ортақ әңгімеде тілге тиек еткен адам тап сондай жан еді. Қарап отырсаңыз, жымын білдірмей, жібін ілдірмей қасымызда тып-тыныш жүреді. Ал атақ-даңқы алыстарға жетіп жатады. Соны қалай ұйымдастырады? Атақ алуда алдына жан салмайтын сол бір кісінің барлық болмысын қалай дәл тапты? Оның осындай тапқырлықтарын жинастырсақ, бір кітапқа жүк болады. Бұйыртыса, сол күнге де жетерміз.

Тапқырлық демекші, Көпен көкеміздің бауыры Төпен ағаның да бір түйері бар еді. «Төпен айтыпты» деген сөз талайлардың аузында жүр. Бір жолыққанымызда Көпен көкем «Төпеннің тапқырлықтары туралы бір жинақ шығарсам деймін. Соған естігендерің болса, жазып берсеңші» деп өтініш айтқан. Менің есіме мына бір әңгіме түсті. Отырарға іс-сапармен барғанымда Төпен аға «біздікінде бола-сың» деп қолқа салды. Қалай бармайсың? Таңертеңгі шай үстінде жеңешеміз «Мені «ертең келдеу»-мен әлі жұмысқа алмай жатыр. Бір ауыз айтып қойсаңшы. Қашанғы жүгіре беремін?» деді ағамызға. Сонда Төкен: «Жүгіре берсеңші, жүгірген денсаулыққа пайдалы» деп қарап отыр. Осыны Көпен көкеме айтып беріп едім, рақаттана бір күлгені. Жалпы, ол күлсе риясыз, жүрегімен күлетін. Осы жерде және бір қосарым, Әмірбековтер әулеті әзіл-қалжыңға түгелімен бір табан жақын жүреді.

Шәмші Қалдаяқовтың туғанына сексен жыл толуына орай белгілі кәсіпкер, қоғам қайраткері Серік Ибадуллаев «Шәмші әлемі» атты жинақ шығаруды мақсат етті де, осы кітапқа материал жинап топтастыруды маған сеніп тапсырды. Кітап дайын болған күні Серік аға екеуміз Алматыға сапар шектік. Таңертең пойыздан түсек, алдымызда Көпен көкем жайраңдап күтіп тұр. Ол өзінің көлігімен келген екен. Баспаға ертіп апарып, қолжазбамызды тапсырдық. Сол күннен бастап Алматыда бес күн бойы жүрдім. Ол кезде Көпе-

кең «Шалқар» радиосының бас редакторы. Шаруасы басынан асады. Сонда да жұмыстан соң баспаға келіп, түннің әлдебір уақытына дейін отырады. Жинақты бірге қараймыз. Кем-кетігін түзейміз. Сонда талай сырласып едік. Бірге түстеніп, талай әңгіменің басын қайырдық. Сонда ол сатириктер арасында Оспанхан Әубәкіров пен Сейіт Кенже-ахметовті ерекше бағалайтынын айтып, солардан үлгі алу керектігін есіме салған-ды. Студент кезінде күреспен айналысқанын, «Қызғалдақтар» ансамблінің мүшесі болғанын, мектеп бітірген соң аудандық мәдениет бөлімі жанындағы халық театрында актер болғанын да сол сәулелі кештердегі сыр-сұхбатта естігенмін.

Қайсыбірін айта берейін, біздің ағалы-інілі байланысымыз сонау 1980 жылы басталды. Сарыуыз сатирик менің «Мұрша» атты сықақ әңгімемді «Ара» журналына шығарып, тұсауымды кесіп еді. Содан бері қарым-қатынасымыз үзілген жоқ. Мені «Ара» журналының Оңтүстік облыстары бойынша меншікті тілшісі етіп жұмысқа қабылдады. «Сен «Араға» фельетон жазып жүрмің деп ойлама. Болашақ жинағымызды жазып жүрмін деп сана. Менің де кезінде «Араға» жазған фельетондарым бір жинақ болды» деп мені жігерлендіріп қоятын.

Мәскеу мен Ташкентте өткен Бүкілодақтық жас сатириктер байқауының және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, бұқаралық ақпарат саласындағы ҚР Президенті сыйлығының және «Парасат» орденінің иегері Көпен Әмірбек 2022 жылғы қара күзде қараша қаздармен ілесіп, қайтып сапарға аттанды. Күн сондай суық болатын. Содан ба, әлде өзінің жоқтығыңыздан ба, әлі де денем тоңазиды.

Көзі тірі болғанда 75 жылдығын қазақстандық қалжыңқойлардың басын қосып тойлап жатар ма еді...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ, сатирик

КӨКТЕМДІ ҚҰС ҚАНАТЫНА ҚОНДЫРҒАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен аса көрнекті күйші-композитор, дарынды дирижер, Қаз КСР және КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына дайындық осыдан үш жыл бұрын басталды. Сол уақытта Президент композитордың қызы Динара Тілендиеваны қабылдау кезінде майталман музыканттың мерейтойын кең көлемде атап өту қажеттігін айтқан еді. Быыл Тілендиевтің тойы ел көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде, ЮНЕСКО және ТҮРКСОЙ аясында тойланады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Өткен айда Анкарадағы ТҮРКСОЙ-дың бас хатшылығында «Тілендиев жылының» ашылу салтанаты өтті. Бүгін – композитордың туған күні. Осыған орай Астанада «Әлқисса – Нұрғиса» атты мерейтойлық концерт өтеді. Көрнекті композитор, Қаз КСР және КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Еркеғали Рахмадиевтің «Нұрғиса Тілендиев – бір ғасырда бір туып, ғасырлар бойы өзінің өнерімен халқының ортасында өмір сүретін тұлға» деп айтқаны бар. Оның атын иеленген елордадағы Мемлекеттік академиялық филармония ұжымы ертең Нұрғиса Атабайұлының мерейтойына арнап «Құстар әні»

атты республикалық фестиваль өткізеді. Атаулы іс-шара үш күнге созылады.

«Қыз Жібек» фильмінде сырлы сазымен аспандағы аққуды көлге қондырып, билеткен Нұрғиса Тілендиев – құстарды әсем әнге қосқан композитордың бірі. Соның ішінде классикаға айналған «Құстар қайтып барады» және «Құстар қайтып келеді» атты әндерін айтсақ та жеткілікті. 1 сәуір – Халықаралық құстар күні. Композитор дәл осы күні дүниеге келді. Бұл ғажап сәйкестік таңдандыра қоймайды. Құстар күні туған композитор өзінің аманатымен «Құстар әнімен» жер бесікке бөленді. Бірақ қазақ барда өлмес, қаншама мәңгілік мұраны халқына тастап кетті.

«Мына мен Ахаңсыз сөйлемеймін, Ахаңсыз дирижерлік етпеймін, Ахаңсыз өмір сүріп көргенім жоқ. Міне, сол Ахаң өмірім-

де, бесіктен келе жатқаннан қадірлейтін адамым да, өмірде бағынатын менің пайғамбарым» деген еді Нұрғиса Тілендиев бір концертінде. Ахаң деп отырғаны – академик Ахмет Жұбанов. Бес жасар Нұрғисаның талантын тап басып таныған Ахмет Қуанұлы оны мәртебелі музыка әлеміне жетелеп, жасы жетпесе де екі жас қосып, музыка училищесіне алып келді. Онымен қоймай, қазақ ұлт аспаптар оркестрінің домбырашылар тобына қосты.

Жыр алыбы Жамбылдан «Менің ием, жолбарысым Тілендінің баласы Нұрғисаға кетті. Түсімде соның алақанын жалап тұр екен. Ендігі иесі сол болар» деген сөз қалды. Шынымен де өнер құдіреті қонған Нұрғисаның мұрасы әр алған жанрдағы 500-ге жуық музыкалық шығармалардан тұрады. Соның ішінде әндер, күйлер, романстар, увертюра, поэма, контата, опера, тіпті



балет те бар. Бұған қоса, композитор «Қыз Жібек», «Қилы кезең», «Менің атым Қожа» көркем фильмдеріне, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан» мультфильмдеріне, бірқатар спектакльдерге музыка жазды.

Нұрғиса Атабайұлы «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрінің негізін қалады. Бүгінде бұл оркестр соның атында. Ал әндері мен күйлері – ел сүйіп тыңдайтын оқшау дүниелер. Ақындық Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне көптеген әндер жазылды. Ал ақындары ән әлеміне алғаш жетелеген

мандардың есіне салсақ, «Өз елім», «Күә бол», «Алатау» болып жалғасып кете береді. Сондай-ақ «Әлқисса», «Ата толғауы», «Аққу», «Бада мишка» сынды күйлерін, рухты көтеретін «Махамбет» поэмасын ел сүйіп тыңдайды.

«Домбырашы Нұрғисаның қолына домбыра тисе, теңіз төрінде дауыл көтерілгендей, алай мен дүлейдің аласапыранына түсіп, дирижер Нұрғисаның қолына оркестр тисе, Алатау жапырылып, Атлант сапырылып кеткендей, аламан – асырдың астында қалдырып, композитор Нұрғиса билік алса, аспан ашылып, шуақ шашылып, дүние жарқырап жүре беретін қазіргі дәуірімізді көре қалғандардың өксімей, өтуі қалмақардың көксемей есті еш мүмкін емес» деген еді Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлы. Бұл сөз Нұрғиса Тілендиевтің талантын айқындайды. Иә, композитордың өнер жолы даңғылға айналды. Айтпақшы, Астанада Нұрғиса Тілендиев даңғылы бар. Қазір күн райы шуақ шашып, көктем келгенін сездіруде. Көктемді құс қанатына қондырған композитордың тамаша туындыларынан да бір жылулықтың лебі еседі. Бұл – мәңгі өшпес Нұрғисаның нұры.

ЖАУАПСЫЗ БОРЫШКЕР – ПРОКУРОР НАЗАРЫНДА

Алименттер мен жалақы бойынша қарыздарды өндіріп алу – бүгінгі таңдағы өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі. Сот шешімдерін орындаудың нақты тетіктері болғанына қарамастан, кейбір жауапсыз борышкерлер төлемдерден жалтарудың түрлі жолдарын іздестіреді. Бұл мыңдаған отбасының қаржылық әл-ауқатына нұқсан келтіреді. Астана қаласы прокурорының көмекшісі Нұрлан Дәлуұлы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте сол туралы толығырақ мәлімет берді.



Астана прокуратурасының мәліметінше, 2024 жылы уәкілетті органдармен бірлесіп, осы саладағы заңдылықты қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде азаматтардың құқықтарын қалпына келтіруде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілген.

Елорда прокуратурасының қадағалау қызметінің арқасында 320 миллион теңге көлемінде жалақы бойынша қарыз өндіріліп, 160 жұмысшының еңбек құқықтары қорғалды. Сонымен қатар алимент төлеуден жалтарған ата-аналардан 2,5 миллиард теңге өндіріліп, 5 мыңнан астам бала алимент алды. Алайда сот актілерін орындау тәжірибесі көрсеткендей, кейбір борышкерлер табысын жасыру мен төлемнен жалтарудың түрлі айла-тәсілдерін қолдануда. Бұл жағдай құқық қорғау органдары тарапынан қосымша бақылау

мен қатаң шараларды қажет етеді, – дейді спикер.

ЭЛЕКТРОНДЫ АҚША ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНАДЫ

Прокуратура деректеріне сәйкес, алимент пен жалақы бойынша қарыздан жалтарудың кең таралған әдістерінің бірі – электронды ақша жүйесін пайдалану. Тексеру барысында «Simply» электронды әмияндарын пайдаланып, кірістерін жасырған 170 борышкер анықталған. Олардың жалпы қарызы 250 миллион теңгені, ал жасырылған кірістері 350 миллион теңгені құраған.

– Тағы бір әдіс – онлайн-казино мен букмекерлік кеңселер арқылы қаражат айналымын жасыру. 500 борышкер, жалпы қарызы 1 миллиард теңгені құраған, құмар ойындарға 1,5 миллиард теңге жұмсаған. Мысалы, бір борышкер 5,7 миллион теңге қарызы бола тұра, тек бір букмекерлік платформа арқылы 168

миллион теңге айналым жасаған. Сондай-ақ курьерлік қызметтерде жұмыс істейтін борышкерлердің табысын жасыру фактілері тіркелді. Екі борышкер 8 млн теңге көлемінде қарыздарын жасырып, «Wolt» жеткізу қызметінде жұмыс істеген. Бұған қоса, 10 кәсіпкер, 230 миллион теңге табыс таба отырып, 50 миллион теңге қарызын төлемеген. Кейбір борышкерлер мүлікті жалған мәмілелер арқылы жасыруға тырысқан. Мысалы, бір борышкер 14,6 миллион теңге алимент қарызы болғанына қарамастан, Астанадан тұрақ орнын сатып алған. Тағы бір борышкер көлігін сатқанымен, өз балаларына 2 миллион теңге қарызын өтемеген, – дейді Нұрлан Дәлуұлы.

ЖАЛТАРҒАН ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Прокуратура сот шешімдерін орындаудан жалтарған борышкер-

лерді жауапқа тарту жұмыстарын жалғастыруда. 2024 жылы 19 борышкер сотталып, 181 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Астанада 5 млн теңге қарызы бар борышкер сот актісін орындау қажеттілігі туралы талаптарды елемей, «Simply» электронды ақша жүйесінде белгісіз тұлғаға есепшот ашып, осылайша борышкер жасырын табысқа ие болған. Сот оны қасақана төлемеуші деп таныды. Көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен ол ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасы берілді.

– Прокуратура жеке сот орындаушылары (ЖСО) тарапынан өкілеттіктерді асыра пайдалану фактілерін анықтады. Бір сот орындаушы мемлекетке тәркіленген 300 миллион теңгені иемденген. 2025 жылғы 20 қаңтарда сот оны кінәлі деп танып, 2 жылға бас бостандығынан айырды, сондай-ақ толық соманы қайтаруға міндеттеді. Тағы бір сот орындаушы жалақы қарызы бойынша өндірілген 10 миллион теңгені заңды иесіне аудармай, үшінші тұлғаның шотына жіберген. Бұл факті бойынша қылмыстық іс қозғалды. 2024 жылы 30 түрлі іс-шара ұйымдастырылып, олардың ішінде дөңгелек үстелдер, акциялар, бейнероликтер әзірлеу және билбордтар орнату жұмыстары жүргізілген. Бұл бастамаларға қоғам қайраткерлері, блогерлер және имамдар тартылып, олар уағыздарында отбасы алдындағы жауапкершілік туралы мәселелерді көтерген» дейді ведомство өкілі.

Ол сөз соңында елорда прокуратурасы алименттерді төлемегені үшін борышкерге әкімшілік жауапкершілік ретінде 5 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу және қылмыстық жауапкершілік ретінде 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе сол мерзімге бас бостандығын шектеу қарастырылғанын ескертті.

Құқық қорғау саласында қоғамдық қауіпсіздіктің сақталуы үшін ер адамдармен иық тіресе еңбек ететін әйелдер аз емес. Солардың бірі – бокстан ҚР 14 дүркін чемпионы, Астана қалалық полиция департаментінің жедел ден қою арнайы жасағының капитаны Ләззат Күнгейбаева. Ол жақында Болгарияда өткен бокстан Еуропа кубогында әйелдер арасында алтынды жеңіп алды.

АСТАНАЛЫҚ ПОЛИЦЕЙ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ



Ләззат енді Бразилияда өтетін Әлем кубогына қатыспақ. Ел тыныштығын күзетуде аянбай еңбек етіп жүрген әмбебап ардың болашаққа деген жоспары үлкен. Кейіпкеріміз – Шымкент қаласының тумасы. Мектепті тәмамдаған соң Астанадағы Еуразия ұлттық университетіне «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша оқуға түседі. Бала кезден денесі шымыр болып өскен қыздың спорт саласында жетістігі мол боларына сенгендер көп болды. Жаттықтырушылар ата-анасына оны спорт секциясына беріп сұрап, көп өтінетін. Ақыры 19 жасында Ләззат әкесінің ақыл-кеңесімен спорт саласына бет бұрды. Ал 2015 жылдан бері Ішкі істер саласында қызмет етеді. Себебі елдің қауіпсіздігін қамтамасыз

етегін тәртіп сақшысы болу – оның бала күнгі арманы.

Генерал болуды армандайтын кез келген қызметкер секілді капитан Күнгейбаева да біліктілігін арттырып, осы салада тұлға болып қалыптасуды армандайды. Қызметіне қоса спортты серік еткен ол бұл сүйікті және өмірлік ісі оның қашан да жұмыс барысында төнуі мүмкін қауіп-қатерге дайын болып жүруіне септігін тигізеді. Сондықтан жұмыстан қолы қалт етсе болды бірден спортпен шұғылданады. Соның нәтижесінде республикалық және халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. 2016 жылы ол әлем чемпионы атанып, екі рет әлем финалисі болды.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

«АВТОБУС» АЙЫПТЫНЫ АНЫҚТАЙДЫ

Астана полиция департаменті қаладағы қоғамдық көліктерге «Автобус» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізді. Автобустарының рейс алдындағы техникалық жағдайы, көлік жүргізушілерінің жұмысқа шықпас бұрын медициналық тексеруден өту тәртібі тексерілді.

Іс-шараның мақсаты – қоғамдық көліктің қауіпсіздігін нығайту, автокөлік жолдарында жолаушылар мен жүкті тасымалдайтын жүргізушілер арасында көліктік тәртіпті арттыру, сондай-ақ олардың жұмысына бақылауды жақсарту. Іс-шара барысында желіге техникалық ақаулықтарымен жіберілген 7 автобус анықталды, оған жауапты автопарктер ҚР әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 1-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Автобустарды пайдалануда жайлы жағдайды

қамтамасыз ету үшін көліктерде қымыл-қозғалысы шектеулі азаматтарды тасымалдауға арналған жабдықтардың болуы және жұмыс істеп тұрғаны да қаралды. Жүргізушілерге төтенше жағдай кезінде және қауіпсіздікке қатер төнгенде көлікті тоқтатып, «102» арнасы арқылы тәртіп сақшыларына хабарлау керектігі айтылды. Жол жүру ережелерін өрескел бұзу, оның ішінде жолаушылар мен габаритті емес жүктерді тасымалдау, сондай-ақ көлік құралының тиісті санатына жатпайтын жүктерді

тасымалдауға қатысты мәселелерге назар аударылды.

Сонымен бірге автобус парктөрінің және әкімдіктік құзырлы әкімшілік қызметтерінің басшыларымен қоғамдық және жол қауіпсіздігі бойынша жұмыс кездесуі ұйымдастырылды. Автобустарға қатысты болған жол-көлік оқиғаларының себептері талқыланып, ондай жағдайды енді болдырмау шаралары қабылданды. Жергілікті жерлерде жолаушыларды, соның ішінде заңсыз тасымалдаумен айналысатын таксилерді анықтау үшін, жұртшылық өкілдері, көліктік бақылау инспекциялары және мемлекеттік кірістер органдары арасынан бірлескен мобильді топтар құрылды. Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің тәртібі, сақтығы және жол жүрісі ережелерін сақтауы – көшедегі қауіпсіз қозғалыстың негізі.



СПОРТ



ҮШ ДҮРКІН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Еркін күрес шебері Нұрқожа Қайпанов Амманда (Иордания) өтіп жатқан Азия чемпионатының финалында жеңіске жетті.

Қазақстандық балуан 74 келіге дейінгі салмақта Қырғызстан спортшысы Орозбек Токтомамбетовпен кездесті. Нәтижесінде Нұрқожа Қайпанов 2:1 есебімен басым түсті. Нұрқожа өткен жылы олимпиадалық емес салмақта (70 келі) әлем чемпионатында олжа салған.

Сонымен қатар Ризабек Айтмұхан (97 келіге дейін) және Болат Сақаев (86 келіге дейін) екінші орын алса, Рахат Қалжан (57 келіге дейін), Азамат Дәулетбеков (92 келіге дейін) қола медаль иеленді.



ЖЕҢІС СЫЙЛАҒАН ҮШ ГОЛ

Елордалық «Астана» футбол клубы Қазақстан Премьер-лигасының үшінші турында талдықорғандық «Жеңіс» командасынан басым түсті.

Кездесу барысында астаналық клуб ойын тізгінін қолға алуға тырысты. Команда капитаны Марин Томасовтың белсенділігі байқалып тұрды. 37 жастағы хорватиялық футболшы қарсылас клубтың қорғаушыларын қатты састырды. Ол алдымен 13-минутта есеп ашса, одан кейін 45, 63-минутта мергендік танытты. Осылайша елордалық клуб қарсыласынан 3:0 есебімен басым түсті.

Сондай-ақ бүгін «Ақтөбе» сырт алаңда «Атырауды» 4:0 есебімен тас-талқан етіп жеңсе, «Ұлытау» мен «Жеңіс» (Астана) 1:1 есебіне қанағат білдірді. Бірінші кезеңнен кейін «Ордабасы» (Шымкент) мен «Қызылжар» ((Петропавл) 0:0 есебімен тең түсіп жатыр. Үшінші турды «Тобыл» (Қостанай) мен «Елімай» (Семей) командалары түйіндейді.

ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ ТАРТҚАН

Ұлттық музейде «Тарихи тұлғалар» жобасы аясында Қазақстанның халық жазушысы, ғалым Мұхтар Мағауиннің 85 жылдығына орай «Тарихтан тағылым тартқан» атты музейлік дәріс оқылды.



Ғұлама жазушы М.Мағауиннің қалдырған тарихи мұраларын талдап, түсініп, ұрпақ жадына сіңіру және ғибратты ғұмырын кейінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен дәріске «Türkistan» газетінің бас редакторының орынбасары Тоқтаралы Таңжарық,

«ALQA» әдеби-мәдени клубының жетекшісі Жанар Таңсық, М.Жұмабаев атындағы халықаралық колледждің студенттері мен №87 мектеп-гимназияның оқушылары қатысты.

Сондай-ақ дәріс барысында жазушының тарихи мұралары

талданып, оның еңбектері мен тарихи роман жанрына қосқан үлесі айтылды. Қатысушыларға Мұхтар Мағауиннің өмірі мен қызметі туралы бейнесюжет көрсетілді. Ал іс-шара соңында дәріскерлер жастарға өз тілегін айтып, марапаттар тапсырды.

ӘЖЕЛЕР ӘЗЕРБАЙЖАНДА ТОП ЖАРДЫ

Ұлтаралық қарым-қатынас пен музыкалық мәдениетті нығайту мақсатында «Astana Stars» халықаралық конкурстар комитетінің ұйымдастыруымен Баку қаласында өткен «AZERBAIJAN GRAND FESTIVAL» ән байқауында Есіл ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткер әжелерінен құралған «Сағыныш сазы» ансамблі жүлделі бірінші орынға ие болды.

Өнер жарысында әнші әжелерімізден бөлек, Өзбекстаннан, Әзербайжан т.б. елдерден келген 400-ден астам үміткерлер қатысқан.

Ал астаналық өнерпаз зейнеткерлеріміз халықаралық фестивальде халық әні «Беу-айдайды» орындап, өнерлерімен, көркем тігілген костюмдерімен көрермендерді тәнті етті. Осылайша, байқауда бірінші орынды жеңіп алған «Сағыныш сазы» ардагерлер ансамблі Грекияның Салоники қаласында өтетін GREECE GRAND FESTIVAL-не жолдама алды. Бұл – әжелер ансамблінің ұжымына ҚР еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Жанарбек Искендыров жетекшілік етеді, ал ансамбльдің көркемдік жетекшісі Шәрбат Құрманова.

«Біздің Орталықтың өнерлі зейнеткерлері Халықаралық деңгейдегі ән байқауынан жүлдемен оралуы – біз үшін үлкен жетістік. «Сағыныш сазы»



ансамблінің құрылғанына 5 жыл толды, жақында өзінің бес жылдық есептік концертін өткізген болатын. Бұл өнер ұжымына 62-72 жас аралығында ән айтатын әжелер жиналған. Олардың репертуары әр алуан,

терме, халық және эстрадалық әндермен қатар, басқа да жанрдағы әндерді орындайды» деді қуанышымен бөліскен Есіл ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Жанар Есенаманова.

ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ



Елордалық көркем гимнастшылар Әзербайжанда өткен «AGF Trophy» халықаралық турнирінде үздік нәтиже көрсетті.

Астана қаласы әкімдігінің №1 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің спортшылары турнирде тамаша өнер көрсетіп, ел қоржынын 3 алтын, 2 күміс медальға толтырды.

Командалық көпсайыста Ақмарал Ерекешева мен Айғаным Рысбек 100.700 ұпай жинап алтын медаль жеңіп алды.

Финалда Ақмарал Ерекешева доп, лента жаттығуын шеберлікпен орындап, 2 алтын медаль жеңіп алды. Ақмарал доп жаттығуында Грузия мен Әзербайжанды басып озып, 25.350 ұпай жинады.

Ал шеңбер жаттығуы үшін 25.000 ұпай жинап, күміс медаль иеленді.

Айғаным Рысбек ұршықпен өнер көрсетіп, күміс медаль еншіледі.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

18.00 | 19.00
БАХЧИСАРАЙСКИЙ ФОНТАН
БАҚШАСАРАЙ БҰРҚАҒЫ
📅 2 сәуір ⌚ 19:00
Astana Opera

ПАРАСАТ МАЙДАНЫ
📅 3 сәуір ⌚ 19:00
Қуанышбаев театры

ТАНАКӨЗ
📅 3 сәуір ⌚ 19:00
Мәмбетов театры

ЭЛВИН ЖӘНЕ ЖҰМБАҚ ОРМАННЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ
📅 4 сәуір ⌚ 12:00
Қуыршақ театры

СӘКЕН СҰҢҚАР
📅 5 сәуір ⌚ 18:00
Қуанышбаев театры

«МҰҚАФАЛИ XXI»
📅 6 сәуір ⌚ 18:00
Мәмбетов театры

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР
Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 37
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 **Редакция мекенжайы:**
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

☎ **Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

✉ **aqsham1990@mail.ru**
Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ